

# ҚЫТАЙ ТІЛІН ОНЛАЙН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Түякова Л.Б.

t.liza\_89@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

Филология факультеті, шетел филологиясы, қытай тілі кафедрасының оқытушысы

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Бүгінгі таңда бүкіл әлем пандемияға байланысты қашықтықтан оқуға көшуге мәжбүр болды. Еліміз жаңа оқу жылын қашықтықтан оқуды жалғастыруға шешім қабылдаса, Еуропаның кейбір мемлекеттері сақтық шараларын қолдана отырып мектептерін ашпақшы. Былтыргы оқу жылы тәжірибесі көрсеткендей, бірқатар мемлекеттер қашықтықтан оқытуға дайын еместігін көрсетті. Дегенмен, төрт айда ұстаздар да, студенттер де үйреніп қалғандай. Осы уақытта санаға түйгеніміз, қашықтықтан оқыту екі жаққа да стрессіз өтуі үшін керек лайфхактар:

1. Интернет желісінің жақсы жұмыс жасауы өте маңызды, студент сабакқа косыла алмай отыrsa, оқуға деген құштарлық жоғалады.
2. Жақсы жұмыс жасайтын девайс(компьютер, планшет, телефон).
3. Ыңғайлы жұмыс аймағы( тыныш, басқа адамдар кедегі жасамайтын)
4. Көп бояулы планнер, сабақ кестесі, күнтізбе, трекер қолдану.
5. Сабақ арасында үзіліс жасап тұру

Сабақтың тиімді, пайдалы ақпаратқа толы әрі қызықты өтуі үшін мұғалім әрбір минутын жоспарлап отыруы қажет. Сабақ жоспары оффлайн сабақтарда да маңызды, бірақ студенттермен тікелей байланыс жасалмайтын онлайн сабақта маңыздылығы он есе арта түседі. Онлайн сабақтардың ережелерін ойлап алу өте маңызды: тапсырманы кай платформа арқылы орындаіды, тапсырма орындау мерзімі, студент техникалық ақауларға байланыста сабаққа қатыса алмаса қандай шешім қабылданады т.б. мәселелерді алдын-ала ойластырып алған жөн. Онлайн сабақ жоспарын құру барысында Nearpod білім платформасы ұсынатын «5E Lesson planning with nearpod» үлгісін қолдансақ болады. Ол дегеніміз : Engage-еліктіру, қызықтыру, Explore-зерттеу, Explain- түсіндіру, Elaborate-дамыту, жетілдіру, өңдеу, және Evaluate-багалау.

Схема № 1. «5E Lesson planning with nearpod»




Таблица №1 «SE Lesson planning with nearpod» әдісін қолданудағы мысалдар

Engage Еліктіру, қызықтыру	Тест сұрақтары арқылы өткен сабакты қайталау Қысқа видео көрсету Мини дискуссия Ақылдылар сарабы( мозговой штурм)
Explore Зерттеу	Жаңа материалды мини группада талқылау
Explain Түсіндіру	Презентация ВидеоИнтерактивті жұмыс дәптері
Elaborate Дамыту, жетілдіру, өндөу(оқытушымен жұмыс)	Жұмыс дәптерлері Графикалық органайзер Білім карточкалары Студенттермен бірге статья оқу
Evaluate Бағалау	Тест Бақылау жұмысы

Тағы бір көмекші материал ретінде google documents-та берілген сабак жоспарының құмаұлгілерін пайдалансақ болады. Ал google sheet арқылы күнделікті сабактың жоспарын, сабактың ережелерін және студенттердің ілгерілеу нәтижелерін бақылауға болады. Онлайн сабактың қызықты болуы да өте маңызды. Күнделікті тек бір оқулықпен өтетін сабак студенттерді тез жақынтырады, сондықтан оқытушы әр сабакта жаңалық енгізіп, әртүрлі қызықты жаттығулар қолданғаны жөн. Ондай интерактивті материалдар жасауга көмектесетін, қазіргі заманға сай білікті маман білуге тиісті көптеген көмекші құралдар, сайттар, онлайн платформалар жеткілікті. Қытай тілін оқыту барысында да қолдануға болатын құралдар аз емес.

Соның бірі жоғарыда айтылған “Nearpod” платформасы. Платформаға регистрация жасап қажет емес, google поиск-қа collaborate.nearpod.com жазсыңыз болды тікелей платформаға өтесіз. Бұл онлайн платформада оқытушылар сабакта презентациялар жасап студенттермен бөлісе алады, электрондық почта арқылы немесе әлеуметтік желі арқылы презентация кодын жіберсеңіз болғаны, студент кез-келген гаджет арқылы қосыла алады. Платформаны онлайн тақта ретінде қолданса да болады, оқытушы өз сұрағын жазып, студенттермен сілтемемен бөліседі, ал студенттер жауап жазғаннан кейін, студенттің аты-жөні мен жауабы тақтага шығады.

Қытай тілін оқытуда қолдануға болатын тағы бір онлайн платформа learningapps.org. Платформа орыс тілінде, сондықтан өте ыңғайлы, түсінуге оңай. Платформада көптеген интерактивті жаттығулар жасаса болады. Жаттығу жасау үшін платформаға регистрация жасап кіреміз де, «Новое упражнение» бөліміне өтіп, жаңа жаттығулар жасауга көшеміз. Жаттығудың түрі өте көп, мысалы: найти пару, классификация, хронологическая линейка, простой порядок, сортировка картиноқ, викторина с выбором правильного ответа, заполнить пропуски т.б. Платформада онлайн ойындар ойнаса да болады, мысалы: кроссворды, кто хочет стать миллионером?, парочки және т.б. ойындар бар. Мысалы, «Классификация» жаттығуын қалай жасаймыз? Бұл жаттығуды қытай тілін оқыту барысында, мысалы дауысты-дауыссыз дыбыстардың, сөз таптарының, жай және күрделі иероглифтердің және т.б. классификациясын

жасауга қолдануга болады. «Классификация» деген жерге басамыз, жаттығу жасаудың үш нұсқасы беріледі, өзімізге ұнаганын, ыңғайлысын таңдаймыз да «создать новое упражнение» дегенге басамыз. Жаттығудың тақырыбын жазамыз, классификацияны екі немесе үшке бөлемізбе таңдаймыз, керек сөздерді, картинкаларды енгіземіз. Керек болса аудио, видео енгізуге болады. Жаттығу дайын болған соң, сілтемесін студенттерге жібересіз.

Қытай тілінің басқа тілдерден ерекшелігі- ол иероглифтер. Иероглифтердің әрбір сзығын ретімен дұрыс жазу өте маңызды. Ал онлайн сабактарда студенттерге иеролифтердің жазылуын көрсету үшін қолданылатын сайттар, платформалар бар. Мысалы hanziway.com сайты. Сайттың ақылы және ақысыз бөлімдері бар. Ақылы бөлімнің мүмкіндіктері әрине көбірек, бірақ иероглифтердің жазылу реті мен пиньинъдерін (транскрипциясы) көрсету үшін ақысыз бөлігі жеткілікті. Бұл сайт арқылы әр өткен сабактың жаңа сөздерінің, яғни иероглифтердің жазуға қосымша материал дайып, студенттерге жіберсек болады.

Қытай тілін онлайн оқытуда қолданатын тағы бір маңызды сайт archchinese.com. Бұл сайт США, Канада, Австралия, Ұлы Британия және Европа елдерінде кеңінен қолданылады. Көптеген университеттер мен мектептер сайтты қытай тілін үйрету мен үйрену үшін материалдар жасауга қолданады. Соның ішінде Гарвард университеті, Колумбия университеті, Вашингтон университеті және тағы басқа көптеген университеттер бар. Сайттың мүмкіншіліктері өте көп: иеролифтердің жазу ретін, пиньинъ көрсету; сөздерге карточкалар жасау; онлайн сөздік; онлайн ойындар; қытай тілінің 4 тонын дұрыс айттып жаттығуга арналған құрал және тағы басқа.

Көріп отырганымыздай, қазіргі цифрлік ғасырда білім алуға мүмкіндіктер жеткілікті. Атап өткеніміз өте аз бөлігі ғана. Сондықтан бүгінгі таңда оқытушылар да, студенттер де әрқашан ізденісте болуы тиіс, оқытушылар әрдайым профессионалды дамып отыруы қажет. Оқытушы мамандығы профессионалды күйзеліске тез ұшырайтын мамандықтар қатарынан екені құпия емес. Күйзеліске ұшырамаудың бірден-бір жолы профессионалдық және тұлғалық даму. Өз-өзімен жұмыс жасамайтын заманауи оқытушыны елестету мүмкін емес. 30 жыл тіл үйретуде тәжірибесі бар Дункан Фурд бойынша педагогтың даму моделі 5 категориядн тұрады. Бірінші категория- бұл сіз, сіздің профессионалды дамуыңыз. Екінші категория- сіз және сіздің оқушыларыңыз, бұл категорияға оқушылардан кері байланыс алу, жаңа оқыту әдістемесін тәжіриб жасау кіреді. Үшінші категория- сіз және сіздің ұжымыңыз, бұл категорияға сабактарыңызға анализ жасау, ұжыммен бірлесе отырып даму жатады. Төртінші категория-сіз және сіздің университетіңіз немесе мектебіңіз, жиналыстар, жаңа жобалар өткізі, әкімшілікпен керібайланыс. Бесінші категория – сіз және сіздің мамандығыңыз. Бұл топқа конференцияларға қатысу, статья жазу жатады.

### **Пайдаланылған дереккөздер тізімі**

1. collaborate.nearpod.com
2. archchinese.com
3. Дункан Фурд «The developing teacher» 2009
4. learningapps.org.
5. Харвей Силвер, «The strategic teacher»